

2026. 13 (1)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 1, pp. 111-124, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_111-124

SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA

Marzhan A. Kasymbekova¹, Vecihi Sefa Fuat Hekimoğlu^{2*}

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Str., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Postgraduate student

 <https://orcid.org/0000-0002-5380-0656>. E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

²Kutakhya Dumlupinar University
(Evliya Çelebi Yerleşkesi Tavşanlı Yolu 10 km Kütahya, Türkiye)

Dr., Professor

 <https://orcid.org/0000-0002-6095-7512>. E-mail: sefatuat@hotmail.com, vecihi.hekimoglu@dpu.edu.tr

*Correspondent author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H., 2026

Abstract. *Introduction.* The article examines the conditions of origin of the Sufi tariqa (brotherhood) and the social composition of the first Sufis in Central Asia, which is considered one of the largest centers of the Islamic world. It is also shown that the Sufi movement, which originated within the framework of Islam, was to some extent influenced by other religions and teachings, as well as the first ascetic (pious) movements that appeared in other regions. *Goals and objectives.* The study of the historical evolution of Sufism, from simple «asceticism» to its transformation into formal and highly hierarchical organizational and social structures called «tariqas». To consider the conditions of social composition, which help to determine the history of the emergence, formation, distribution of Sufi Tariqat in Central Asia, as well as its factors. To determine the influence of the ideas of the Sufi movement that emerged in other countries of the Islamic world to a certain extent on the evolution of Central Asian Sufi movements. To analyze the history of the emergence of the Sufi movement and the background of its social composition based on the available published scientific literature and research sources. *Results.* The article analyzes the problem of the social conditions for the emergence and development of Sufi Tariqat in Central Asia, as well as its various definitions. Here we have the opportunity to determine the worldview and ideological positions of the adherents of this phenomenon, the process of introducing or, conversely, excluding certain ideological concepts and principled actions within the framework of Sufi teachings. Within the framework of such issues, the article discusses the emergence of Sufi Tariqat in Central Asia, social conditions and its main factors. *Conclusions.* Based on the analysis of the main factors related to the social conditions of the emergence and development of Sufi Tariqat in Central Asia, we can draw the following conclusions: on the one hand, this was reflected in the ideological transformation of Sufi teaching in order to specifically protect the basic principles of Islam and the principles of the Hanafi legal School, conducted by representatives of other religious and doctrinal directions. On the other hand, the

influence of this interaction on the internal development of the Sufi tradition through the selective perception and rethinking of certain elements of spiritual and ascetic practice inherent in some denominations and currents.

Key words: Central Asia, Sufi order, Khoja Ahmed Yasawi, social structure, Islamic religion, Sunni theology, Muslim mysticism

For citation: Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H. The history of the Sufi movement in Central Asia (conditions of social composition) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 111-124. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_111-124

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қасымбекова Маржан Әмірқызы¹, Вежихи Сефа Фуат Хекимоглу^{2*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-5380-0656>. E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

²Кютахья Думлыпынар университеті
(Евлия Челеби Кампусы Тавшанлы жолы 10 км, Кутахи, Түркия)

Профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-6095-7512>. E-mail: sefafuat@hotmail.com, vecihi.hekimoglu@dpu.edu.tr

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Қасымбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада ислам әлемінің ірі орталықтарының бірі болып саналатын Орталық Азияда сопылық тариқаттың (бауырластық) пайда болуы мен алғашқы сопылардың әлеуметтік құрамының шарттары қарастырылады. Ислам діні аясында пайда болған сопылық қозғалысқа белгілі бір дәрежеде басқа діндер мен ілімдер, сонымен бірге басқа аймақтарда пайда болған алғашқы аскеттік (тақуалық) ағымдардың ықпалы көрсетіледі. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Сопылықтың қарапайым «аскетіктен» (тақуалық) бастап, «тариқаттар» деп аталатын ресми және жоғары иерархиялық ұйымдастырушылық және әлеуметтік құрылымдарға көтерілгенге дейінгі тарихи эволюциясын зерттеу. Орталық Азияда сопылық тариқаттың пайда болу тарихын, қалыптасуын, таралуын, сонымен бірге оның факторларын анықтауға көмектесетін әлеуметтік құрамның шарттарын қарастыру. Ислам әлемінің басқа елдерінде пайда болған сопылық ағым идеяларының белгілі бір дәрежеде Орталық Азиялық сопылық қозғалыстардың эволюциясына ықпалын айқындау. Зерттеудің дереккөз базасы арқылы қолданыстағы жарияланған ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, сопылық қозғалыстың пайда болу тарихы мен әлеуметтік құрамның алғышарттарына талдау жасау. *Нәтижелер.* Мақалада Орталық Азияда сопылық тариқаттың пайда болуы мен дамуының әлеуметтік шарттары мәселесі, сонымен бірге оның әртүрлі анықтамалары талданады. Мұнда біз сопылық ілімінің аясында белгілі бір идеялық тұжырымдамалар мен қағидаттық әрекеттердің енгізілуі немесе, керісінше, одан шеттетілуі үдерісінің бұл феноменді ұстанушылардың дүниетанымдық әрі идеялық ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік аламыз. Осындай мәселелер аясында, мақалада Орталық Азиядағы сопылық тариқаттың пайда болуы, әлеуметтік шарттары және оның негізгі факторлары қарастырылады. *Қорытынды.* Орталық Азияда сопылық тариқаттың пайда болуы мен дамуының әлеуметтік шарттарына қатысты негізгі факторларын талдау бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: бір жағынан, бұл өзге діни және доктриналық бағыт өкілдерімен жүргізілген ислам дінінің негізгі қағидаларын

жалпы және ханафиттік құқықтық мектептің ұстанымдарын арнайы қорғау мақсатында сопылық ілімнің идеялық трансформацияға ұшырауынан көрінсе, екінші жағынан, аталған өзара ықпалдастық кейбір конфессиялар мен ағымдарға тән рухани-аскетикалық тәжірибенің жекелеген элементтерін іріктеп қабылдау және қайта пайымдау арқылы сопылық дәстүрдің ішкі дамуына ықпалы.

Түйін сөздер: Орталық Азия, сопылық тарикат (орден), Қожа Ахмет Ясауи, әлеуметтік құрамы, ислам діні, суниттік теология, мұсылман мистицизмі

Дәйексөз үшін: Қасымбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. Орталық Азиядағы сопылық қозғалыстың пайда болу тарихы (әлеуметтік құрамның шарттары) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 111-124 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_111-124

СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Касимбекова Маржан Амировна¹, Вежихи Сефа Фуат Хекимоглу^{2}*

¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-5380-0656>. E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

²Университет Кютахья Думлупинар
(Эвлия Челеби Кампус ул. Тавшанлы 10 км, Кютахи, Турция)
профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-6095-7512>. E-mail: sefafuat@hotmail.com, vecihi.hekimoglu@dpu.edu.tr

*Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются условия происхождения суфийского тариката (братства) и социального состава первых суфиев в Центральной Азии, который считается одним из крупнейших центров исламского мира. Также показано, что суфийское движение, возникшее в рамках ислама, в определенной степени находилось под влиянием других религий и учений, а также первых аскетических (набожный) движений, появившихся в других регионах. *Цели и задачи исследования.* Исследование исторической эволюции суфизма, от простого «аскетизма» до его трансформации в формальные и высокоиерархические организационные и социальные структуры, называемые «тарикатами». Рассмотреть истории возникновения, формирования, распространения суфийского тариката в Центральной Азии, а также условий социального состава, которые помогают определить его факторы. Определить, в какой степени идеи суфийского движения, возникшего в других странах исламского мира, повлияли на эволюцию суфийских движений в Центральной Азии. Проанализировать историю возникновения суфийского движения и предпосылки его социального состава на основе имеющейся опубликованной научной литературы и источников исследования. *Результаты.* В статье анализируется проблема социальных условий возникновения и развития суфийского тариката в Центральной Азии, а также различные его определения. Здесь у нас есть возможность определить мировоззрение и идеологические позиции приверженцев этого явления, процесс внедрения или, наоборот, исключения определенных идеологических концепций и принципиальных действий в рамках суфийского учения. В рамках рассматриваемых вопросов в статье анализируется возникновение суфийского тариката в Центральной Азии, социальные условия и его основные факторы. *Выводы.* На основе анализа основных факторов, связанных с социальными условиями возникновения и развития суфийского тариката в Центральной Азии, можно

сделать следующие выводы: с одной стороны, это отразилось в идеологической трансформации суфийского учения с целью целенаправленной защиты основных принципов ислама и принципов ханафитской правовой школы, проводимой представителями других религиозно-доктринальных направлений. С другой стороны, влияние этого взаимодействия на внутреннее развитие суфийской традиции проявилось в избирательном восприятии и переосмыслении отдельных элементов духовно-аскетической практики, присущих некоторым конфессиям и течениям.

Ключевые слова: Центральная Азия, суфийский орден, Ходжа Ахмед Ясави, социальная структура, исламская религия, суннитская теология, мусульманский мистицизм

Для цитирования: Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. История возникновения суфийского движения в Центральной Азии (условия социального состава) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 111-124. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_111-124

Кіріспе

Адам өмірі, өзінің өркениетті көріністерінде, өмірлік тәжірибе мен білімді игеруден және оны басқаларға қолжетімді құралдар арқылы жеткізуден тұрады. Адамдар өздерінің алдындағылардың тәжірибесінен үйренеді, ал тәжірибе мен білім алмасу әрқашан нақты жағдайлар мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл құбылыс нақты бір әлеуметтік-саяси және мәдени контекст аясында жүзеге асады, ал аталған контекст осы өзара берілістің табиғатын, яғни адамдар арасындағы коммуникация мен қарым-қатынастың сипатын айқындауда шешуші рөл атқарады. Осы мақалада қарастырылып отырған контекст діни сипатқа ие, ал тақырыптық аспектіні нақтылай түссек, негізінен мұсылмандық-сопылық кеңістікпен айқындалады. Исламдағы аскетистік-мистикалық ағым ретінде сипатталып жүрген сопылық (сопылықтың әртүрлі анықтамалары туралы мәселеге кейінірек тоқталамыз – авт.) осы зерттеуде қамтылған деректерден әлдеқайда кең ауқымды жүйенің құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Мәселен, Х.-Г. Гадамердің «шындық әдісі» бойынша айтқанда: «Дәстүр [адам] бостандығы мен тарихының тұрақты элементі болып табылады. Тіпті ең шынайы және тұрақты дәстүр бір кездері оған берілген серпіннің арқасында ғана өмір сүре алмайды. Дегенмен, әрбір тарихи өзгерісте [дәстүрді] сақтауға деген ұмтылыс әрқашан бар... Сақтау – бұл төңкеріс пен жаңарудан гөрі [адамдардың] ерік-жігерінің әрекеті» (Gadamer, 1984: 250).

Аталмыш мақалада Орталық Азиядағы сопылық тариқаттың пайда болуы мен әлеуметтік құрамның шарттары, сонымен бірге сопылыққа берілген әртүрлі анықтамалар талданады. Мұнда біз сопылық ілімінің аясында белгілі бір идеялық тұжырымдамалар мен практикалық әрекеттердің енгізілуі немесе, керісінше, одан шеттетілуі үдерісінің бұл феноменді ұстанушылардың (зерттеушілер / сыншылар – авт.) дүниетанымдық әрі идеялық ұстанымдарын қалай бейнелейтінін анықтауға мүмкіндік аламыз. Өйткені, сопылықтың тарихын түсіндірудегі мұндай динамика көбіне орның төңірегіндегі қызу ғылыми және қоғамдық пікірталастармен айқындалады. Мұндай полемиканың негізгі себептерінің бірі – сопылықтың мұсылман қоғамының барлық әлеуметтік топтары арасында кең таралуы, сондай-ақ реформаторлық бағыттағы сыншылардың «шынайы» немесе «дұрыс ислам» туралы өздерінің баламалы концепцияларын қалыптастыруға және оны іске асыруға ұмтылысы болып табылады. Осыған байланысты мақалада сопылық тариқаттың әлеуметтік құрамы туралы мүмкіндігінше кең, жан-жақты тұрғыда түсіндіру қажеттігі негізделеді және мұсылман мәдениеті мен қоғамдық-саяси өмірінде сопылық ілімнің қандайда бір маңыздылығына баға беру.

Сопылықтың әлеуметтік құрамның шарттарымен қатар, кез келген дін сияқты, оның гносеологиялық негіздері де бар. Кезінде евроцентристік ғалымдар мұны «Дін – әлі өзін таппаған немесе қайтадан өзін жоғалтқан адамның өзіндік санасы мен өзіндік түйсігі» деп атап көрсеткен болатын. Дегенмен, Адам санасының диалектикасы оның даму барысында бір-біріне қайшы екі негізгі бағыттың қалыптасатынын көрсетеді. Ал большевизм идеолгтары

философиялық идеализмнің гносеологиялық негіздеріне тоқтала отырып: «Діндарлықтың (яғни философиялық идеализмнің) гносеологиялық тамырлары, әрине, бар; ол негізсіз емес, алайда ол – тірі, жемісті, шынайы, қуатты, бәрін қамтитын, объективті және абсолютті адамдық танымның тірі ағашында өсіп шыққан бос [жапрағы]» деп атап өтеді. Алайда, сопылық діннің гносеологиялық негіздері жөніндегі бұл жалпы қағидалар мистицизмге де толықтай қатысты. Мистикалық танымда құдайлық болмысты игеру логикалық ой қорыту арқылы емес, ақылдан тыс интуитивті түйсіну, сезімдік қабылдау және діни қиялдың көмегімен жүзеге асатын құбылыс.

Орталық Азия сопылығы терең әрі бай тарихи даму жолын бастан кешірген ілім болып табылады, мәселен, Хижаз, Ирак, Сирия, Мысыр және Хорасан сияқты ислам өркениетінің ірі орталықтарымен бір қатарда тұрған көне Түркістан мен Мәуереннахр аймағы сопылықтың маңызды ошақтарының бірі ретінде танымал. VIII–IX ғасырлардың өзінде-ақ мединалық, басралық, кувалық және хорасандық аскетикалық мектептермен қатар Орталық Азияда да сопылықтың дербес мектебі қалыптасты. Ал IX–XI ғасырларда нишапурлық, мысырлық, дамаскілік және бағдадтық сопылық мектептермен бірге Орталық Азия сопылық мектебі де өмір сүрді. IX–XI ғасырларда қалыптасып, қызмет еткен он екі сопылық ағымның екеуі – «хакимийа» мен «сайарийа», сондай-ақ әлемнің әртүрлі аймақтарында пайда болған елуге жуық сопылық тарикаттың ішіндегі төрт ірі тарикат – «йассауийа», «хваджаган-накшбандийа», «кубравийа және ‘ишқийа» дәл осы Орталық Азия аумағында қалыптасты. Бұл деректер аймақта сопылық ілімнің қалыптасуы мен дамуының маңызды орталықтарының бірі болғанын айқын көрсетеді. Сондықтан, Орталық Азиядағы ислам сопылығының қалыптасуы, дамуы және кең таралуындағы рөлін анықтау сопылықтың пайда болуы мен эволюциясы тарихын жан-жақты әрі терең зерттеуді талап етеді. Осы орайда Орталық Азия сопылығы тарихының жеткілікті деңгейде зерттелмеген қырларының бірі – аталмыш аймақта сопылықтың әлеуметтік шарттары мен құрылымдары болып табылады. Осыған байланысты мақалада Орталық Азияда сопылық қозғалыстың пайда болу жағдайлары мен негізгі факторлары талданатын болады.

Орта Азия кеңістігінде ислам дінінің таралу үдерісімен қатар, хижраның II (миләди VIII) ғасырынан бастап зүһд пен сопылық бағыттардың айқындала бастағаны байқалады. Осы кезеңде аймақта өмір сүрген зәһидтер мен сопы тұлғалар тек жеке тақуалық пен риязат өмір салтымен ғана емес, сонымен бірге ғылыми және рухани тәлім-тәрбие қызметтерімен де ерекшеленді. Атап айтқанда, қазіргі Түрікменстан аумағында орналасқан Мерв қаласында дүниеге келген Абдуллаһ ибн Мүбәрак (қ. 181/797) хадис ғылымы саласында беделді мұхаддис ретінде танылып қана қоймай, сондай-ақ зүһд пен тасаввуф дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі болды. Дереккөздерде оның Мерв қаласында екі рибат (сопылық орталық) құрып, сол жерлерде халыққа рухани жетекшілік жасап, шәкірт тәрбиелегені баяндалады.

Сонымен қатар, қазіргі Өзбекстан жерінде орналасқан Нахшеб (бүгінгі Қаршы) және Термез қалалары да ерте кезеңдерден бастап көптеген ғалымдар мен сопылар шыққан маңызды ғылыми орталықтардың қатарында болды. Ал Бұхара мен Самарқанд фикһ, хадис және кәлам секілді шарифи ғылымдарда жетілген ғұламаларымен қатар, сопылық жолды ұстанған тұлғаларымен де Орта Азияның ең ірі мәдени-рухани ошақтарын қалыптастырды. Осы тұрғыда Бұхараның Калабаз махалласында тұрған Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Исхақ әл-Калабази (қ. 380/990) тасаввуф ілімінің негізгі ұғымдары мен қағидаларын жүйелі түрде қарастырған «*әт-Та‘арруф ли-мазһаби әһли-т-тасаввуф*» атты араб тіліндегі еңбегінде өз дәуіріндегі сопылық түсінікті ғылыми негізде талдаған. Сондай-ақ, «*Бахру’л-фәуаид*» атты шығармасында кейбір хадистерге тасаввуфтық тұрғыдан түсіндірмелер берген. (Tosun, 2012: 493–194)

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында Орталық Азиядағы сопылық тарикаттың пайда болуы мен оның әлеуметтік құрамының шарттары исламтану, дінтану, шығыстану, тарих, мәдениеттану және т.б. саланың зерттеуші-ғалымдарының ғылыми тұжырымдарын тарихи сабақтастық аясында түсінуге

көңіл бөлінді. X-XI ғасырлардан бастап сопылыққа теориялық тұрғыдан негізделген философиялық және теологиялық ілімнің көрінісін беретін діни-философиялық трактаттар жазыла бастады. Бұл ортағасырлық кезеңде жазылған шығармалардың аудармаларын талдай отырып, аңыздарға толы тәңіршілдік, шамандық, мұсылмандық және түркілік дүниетанымның ислам діні аясында үлкен өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Мәселен, сол кезеңдегі сопылықтың ең танымал теоретиктері «Құт әл-кулуб» трактатының авторы Әбу Талиб Мұхаммед әл-Мәкки, әйгілі сопылық «хабарламаны», яғни «Рисалат әл-Кушайрияны» жазған Абу-л-Қасым әл-Кушайри, әйгілі сопылық «Кашф әл-махджуб» еңбектің авторы Әбу-л-Хасан Әли әл-Джуллаби әл-Худжвири, «Ихья әл-улум ад-Дин» атты еңбегімен танымал имам Әбу Хамид әл-Ғазали және «Футухат әл-Макия» атты сопылық философияның әртүрлі аспектілері бойынша Меккелік аяндардың авторы Андалусиялық мистик Мухья д-Дин Ибн Арабидің (1164–1240) еңбектерінде барынша толық ашылған (Мухаммад Юсуф аль-Хаттар, 2005: 480). Бұл деректерде сопылық тариқатқа қатысты ойлар мен әрекеттердің тазалығы, ең бастысы – жүректі тазартуға ұмтылыстар туралы айтылған көзқарастар сараланды. Ал, жарияланған деректер негізінде ханафизмнің сунниттік теологиялық-құқықтық мектебі, Орталық Азиядағы сопылық қозғалыстар мен өмір салтының пайда болуы мен дамуына ықпал еткен фактор талқыланды. Айта кету керек, Орталық Азиядағы ислам тарихының бір аспектісі – аймақта сопылықтың пайда болуы (Аверьянов, 2011: 648), осыған сүйене отырып, мақалада сопылық тариқаттың пайда болуының шарттары мен негізгі факторлары, сонымен бірге, алғашқы сопыларға жататын әлеуметтік топтар анықталды (Бертельс, 2002: 528), бұл өз кезегінде сопылық тариқаттың пайда болу факторларын нақтылауға көмектеседі. Ислам әлемінің басқа елдерінде пайда болған сопылық мектептер мен ағымдардың идеялары да белгілі бір дәрежеде Орталық Азияда пайда болған сопылық ағымдарға ықпалы да (Орынбеков, 2013: 204) қарастырылды.

Осылайша, біз Орталық Азияда сопылық тариқаттың пайда болу тарихы мен әлеуметтік құрылымының шарттарының маңызды мәселелеріне, ислам үдерісі бойынша зерттеудің идеялық және теориялық деректеріне, сонымен бірге тұжырымдамалық идеялардың қағидаттарына талдау жасалынды. Осындай үдерістерге байланысты Оратық Азияда сопылық тариқаттың пайда болу тарихы мен әлеуметтік құрылымының шарттарының тарихына қатысты жаңаша көзқарастар мен пайымдаулар нәтижелеріне байланысты ғылыми зерттеулерді қарастыра отырып, ондағы тарихи заңдылықтар мен құбылыстарды салыстырмалы әдіс арқылы зерттеу басты назарға алынады. Сөйтіп, «көне» мен «жаңаның» арасындағы мұндай әртүрлі көзқарастар тұрғысынан сипатталатын мәселелерге қатысты тарихнамалық талдауға ерекше мән беру орынды болады деген тұжырымға келдік. Сондықтан мақаланы жазу барысында әдіснамалық және теориялық негізін сипаттайтын ұстаным, нақтырақ айтқанда ислам дінінің құрамдас бөлігі болып табылатын сопылық ордендердің (ясавийа, накшбандийа, кубравийа, кадирийа, бекташийа) идеялары мен тәжірибелері аясындағы дамуы сунниттік-ханафилік ағым болғандықтан тарихи құбылыстар мен нақты оқиғаларды зерттеудің жалпы қабылданған ғылыми ұстанымы – тарихилық басшылыққа алынды.

Талқылау

Көптеген жылдар бойы сопылық тариқаттың пайда болуы мен таралуына қатысты мәселелер және онымен байланысты тақырыптар фрагменттік, эпизодтық түрде, нақты көзқарастарға сүйенбей зерттелді (Хисматулин, 2001: 118). XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында сопылық мәселесін теориялық және практикалық жағынан зерттеуге қызығушылық өте жоғары болғанмен, бұл әрдайым нақтылы ғылыми үдерісте қолдау таппады. Ал кеңестік дәуірде сопылық тариқатты зерттеу мәселесі тарихшылар мен этнографтардың құзіретіне берілгенмен, діни дүниетанымдық мәселесіне қатысты әлеуметтік, философиялық немесе дінтанулық сияқты көптеген тұстары мемлекеттік бақылаудың (цензура – авт.) ықпалымен бұрмаланып отырды. Бұл туралы орыс исламтанушы ғалымы А.Каныш: «дін мен діни мистицизмді «жою» саясаты, оларды зерттеген ғылымды да жоюды білдірді»,–деп атап өткен болатын (Каныш, 2004: 153).

Орталық Азия жерлерінде сопылықтың даму жолдарын зерттеудегі бетбұрыс 1980–1990 жылдардың басынан бастап қолға алына бастады. Белгісіз немесе аз зерттелген қолжазба дереккөздеріне сүйене отырып, бұл зерттеушілер орыс отаршылдық және империялық билік контекстінде мұсылман тәжірибесінің/білімінің, ұжымдық жадының және рухани мұрагерлік тізбектерінің жазылуын, сақталуын және берілуін талдайды. Ал 1989 жылы ағылшын ғалымы Дж. С. Тримингемнің (J. Spencer Trimingham) «The Sufi Orders in Islam» (1971) атты маңызды және қызықты зерттеуі «Суфийские ордены в исламе» (Тримингем, 1989: 231) атаумен орыс тіліне аударылғаннан кейін, бұл сөзсіз сопылықтануға деген қызығушылықтың қайта жандануына айтарлықтай әсер етті. Ал 1991 жылы сопылық туралы белгілі бір ақпаратты қорытындылауға және деректердің қысқаша мазмұнын беруге тырысқан «Ислам» энциклопедиялық сөздігі (Ислам, 1991: 315) жарық көрді. Ал Өзбекстанда жарық көрген «Сопылық тарихынан: дереккөздер және әлеуметтік тәжірибе» (Из истории суфизма, 1991: 150) атты кітапқа танымал дінтанушылар мен шығыстанушылардың сопылық бағыттағы зерттеулері топтастырылды. Атап айтқанда, З.И. Касымованың «Истоки, социальная сущность и причины распространения суфизма» (Касимова, 1991: 5–16), Девин ДеВистің (Devin DeWeese) «Хусайн Хорезми: Среднеазиатский суфий начала XV в.» (DeWeese, 1991: 48–63), В.Э. Каримовтың «Некоторые аспекты политической и религиозно-философской практики тариката Накшбандийа в Маверанкаhre XV в.» (Каримов, 1991: 79–88), Б.Бабаджановтың «Эпиграфические памятники мусульманских мазаров как источник по истории суфизма» (Бабаджанов, 1991: 89–98) атты зерттеулерін ерекше атауға болады. Зерттеулерде ғалымдар сопылық тарикаттың пайда болу тарихы, таралу аймақтары және әлеуметтік құрамы туралы қарастырылған. Мәселен, З.И. Касимова «Суфизм діни-мистикалық қозғалыс ретінде 1200 жылдан астам уақыт бұрын мұсылман елдерінде пайда болып, Солтүстік-Батыс Африкадан Қытай мен Индонезияның солтүстік шетіне дейінгі Таяу және Орта Шығыс халықтары арасында кең таралғандығын» атап көрсетеді. Сопылықтың пайда болу себептерін анықтау мәселесі исламдық рухани дәстүрдің қалыптасу логикасын түсінуде маңызды орын алады. Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, ортағасырлық Шығыс елдерінде мистикалық ағымдардың кең таралуына қолайлы жағдай жасаған нақты әлеуметтік-экономикалық және тарихи факторларды жан-жақты зерделеу қажет. Сонымен қатар сопылық ілімнің ішкі мазмұны мен дүниетанымдық негіздерін ашу мақсатында сопылардың өз еңбектеріне, яғни сопылық әдеби мұраға талдау жасау да айрықша маңызға ие. Осындай кешенді талдау ғана сопылықтың пайда болу алғышарттарын, оның әлеуметтік шарттарын рухани феномен ретіндегі ғылыми тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары сопылық мәселесіне қатысты ғылыми қызығушылық айтарлықтай арта бастады, бұл әсіресе шығыстанушылардың зерттеулерінде айқын көрініс тапты – Қазақстанда А.К. Муминов, Р. Мустафина, Н. Нуртазина, К. Бегалинова, Е. Қартабаева, Л.Г. Ерекешева және т.б атауға болады, ал Өзбекстанда А. Хисматулин, Б. Бабаджанов, Э. Каримов, А. Абдуллаев, Г. Наврұзова және т.б. сияқты ғалымдар сопылық тарихын зерттеу бағытында нәтижелі ғылыми еңбектер жариялады. Сонымен қатар 1999–2001 жылдары ресейлік исламтанушы С.М. Прозоровтың редакциясымен «Ислам на территории бывшей Российской империи» (Ислам, 1998–2001) атты анықтамалық-сөздіктің үш шығарылымы жарық көрді. Бұл еңбектерде алғаш рет Орта Азия сопылығының даму ерекшеліктерін жинақтайтын жалпылама мақалалармен қатар, жекелеген сопыларға, культтерге және ритуалдық практикаларға арналған материалдар ұсынылды. Аталған зерттеулер сопылықты аймақтық тарихи-мәдени феномен ретінде ғылыми тұрғыдан зерделеуге елеулі үлес қосып, қазіргі сопылықтану ғылымының қалыптасуына маңызды негіз қалады.

Орталық Азия қоғамын зерттеумен айналысатын кейбір зерттеушілер арасында сопылықтың тармақталған әлеуметтік құрылымдары, қатаң тәртіп пен ритуалдарға негізделген және ишандарға толықтай бағынышты жүйе ретінде, қоғам өмірінде айрықша, тіпті шешуші рөл атқарады деген орнықты көзқарас қалыптасқан. Мұндай пайымдауларда сопылық көшбасшылардың қоғамдық-саяси үдерістерге тікелей ықпал ететіні, атап айтқанда,

«мемлекеттік қызметкерлерді тағайындау мәселелерін шешетіні, муниципалдық тұрғын үйлерді бөлуге араласатыны, базарлардағы сауда-саттықты бақылауда ұстайтыны» туралы тұжырымдар кездеседі. Алайда мұндай пікірлер нақты әлеуметтік шындықпен сәйкес келмейді және сопылық институттардың қазіргі қоғамдағы рөлі мен ықпалын айтарлықтай асыра бағалаудың көрінісі болып табылады (Малашенко, 1996: 45).

